

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы
Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру
туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 маусымдағы № 628 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, ол Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

4

м а у с ы м д а ғ ы

№

6 2 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің
арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін
жер учаскелерін өзара беру туралы
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметі (бұдан әрі «Тараптар»,
ал жеке «Тарап» деп аталатын),
екі мемлекет арасындағы дәстүрлі, достық қарым-қатынастарды нығайту, Қазақстан
Республикасы дипломатиялық өкілдігінің Малайзияда және Малайзия дипломатиялық
өкілдігінің Қазақстан Республикасында болуы мен жұмысының тиісті жағдайларын
қамтамасыз ету мақсатында,
өзаралық, тең құқылық және тең жауапкершілік қағидаттарын негізге ала отырып,

1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясын
назарға ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Тарапы Малайзия Тарапына Қазақстан Республикасының Астана қаласында Обаған көшесінің бойында орналасқан жалпы алаңы 1,3 га жер учаскесін Малайзияның Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің жұмыс істеуіне қажетті ғимараттар кешенін салу үшін қырық тоғыз (49) жыл мерзімге кейіннен осындай мерзімге ұзарту құқығымен ақылы түрде уақытша пайдалануға (жалға) береді.

Жер учаскесінің орналасқан жері, алаңы мен шекаралары белгіленген схемасы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада келтірілген.

Жер учаскесін ақылы түрде уақытша пайдалану (жалға алу) үшін төлемақы мөлшері қырық тоғыз (49) жылға 1 теңгені құрайды.

2-бап

Малайзия Тарапы Қазақстан Тарапына Малайзияның Путраджайа қаласының дипломатиялық қалашығындағы жалпы алаңы 1,2 га С17 жер учаскесін Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшілігінің жұмыс істеуіне қажетті ғимараттар кешенін салу үшін қырық тоғыз (49) жыл мерзімге кейіннен осындай мерзімге ұзарту құқығымен ақылы түрде уақытша пайдалануға (жалға) береді.

Жер учаскесінің орналасқан жері, алаңы мен шекаралары белгіленген схемасы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшада келтірілген.

Жер учаскесін ақылы түрде уақытша пайдалану (жалға алу) үшін төлемақы мөлшері қырық тоғыз (49) жылға 1 ринггитті құрайды.

3-бап

Осы Келісімде көрсетілген жер учаскелері тең бағалы болып табылады және тепе-теңдік негізде беріледі.

Осы Келісімде көрсетілген жер учаскелері ауыртпалық салынбаған жылжымайтын мүлік болып, сондай-ақ борыштардан ауыртпалықтар мен үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос түрде ұсынылады.

4-бап

Дайындық жұмыстары немесе құрылыс уақытында тарихи және мәдени ескерткіштер табылған жағдайда, болу елінің заңнамасына сәйкес мұндай олжалар осы

мемлекеттің кірісіне берілуге тиіс. Тарихи және мәдени ескерткіштердің табылуы құрылыстың одан арғы процесіне кедергі келтірмеуге тиіс.

5-бап

Осы Келісімде көрсетілген жер учаскелерін жалға алу үшін төлемақыны қоспағанда , олар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес алынатын салықтардың, алымдар мен баждардың барлығын төлеуден босатылады.

6-бап

Тараптардың осы Келісімге сәйкес өздеріне берілген жер учаскелерін үшінші тараптарға беруге немесе жалға беруге құқығы жоқ.

7-бап

Тараптар болу мемлекетінде қолданыстағы қала құрылысы және сәулет саласындағы заңнаманы сақтайды.

8-бап

Тиісті жер учаскелерінде тұрғызылған тиісті дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттары кешендеріне меншік құқықтары оларды салған Тарапқа тиесілі. Аталған ғимараттар кешендерінің құрылысы аяқталған соң Тараптар осы ғимараттар кешендеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеуге өзара жәрдем көрсетеді.

Жалға алу мерзімі аяқталған соң және ол ұзартылмаған жағдайда, осы ғимараттар кешендеріне меншік құқығына ие Тараптың екінші Тараптың ғимараттар кешенін сатып алуға артықшылық құқығын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген кешенді иеліктен айыруға құқығы бар.

Осы Келісімнің сатылған жылжымайтын мүлікке қатысты қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

9-бап

Осы Келісімде көрсетілген жер учаскелеріндегі жерге орналастыру және топография-геодезиялық, жоба сараптамасы мен ғимараттарды салу сияқты нақты жұмыс түрлеріне арналған барлық шығыстарды, сондай-ақ оны күтіп ұстау мен жөндеу , электрмен, газбен, сумен, жылумен жабдықтауға, байланыс қызметтеріне және қызмет көрсетудің басқа да нақты түрлеріне арналған шығыстарды тиісінше Тараптар мемлекеттеріндегі қолданыстағы нормативтер мен тарифтерге сәйкес Тараптар өздері көтереді.

10-бап

Әрбір Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес өзі жалға беретін жер учаскесінің шекарасына дейін өз қаражатының есебінен, ал осы жер учаскесі шекарасының шегінде жалға алушы Тарап қаражатының есебінен қажетті коммуналдық құрылыстардың барлығын салуды және жеткізуді соңғысы коммуналдық құрылыстарға қосылуға арналған бастапқы деректерді берсімен ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

11-бап

Тараптар болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес осы Келісімде көзделген ғимараттар кешенін салуға рұқсат беруді ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді.

12-бап

Егер бұл форс-мажорлық мән-жайлардың, яғни осы Келісім шарттарының орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына әкеп соққан еңсерілмейтін күш мән-жайларының (дүлей апат немесе болжауға немесе алдын алуға болмайтын өзге де мән-жайлар) салдары болып табылса, Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Форс-мажор жағдайында, зардап шеккен Тарап дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты форс-мажор оқиғасы туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

13-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе орындау кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешеді.

15-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім қырық тоғыз (49) жыл бойы қолданыста болады, ол өткен соң егер Тараптардың бірде-біреуі дипломатиялық арналар арқылы ағымдағы қырық тоғыз жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде 1 жыл бұрын екінші Тарапты өзінің оның қолданысын ұзартпау ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар етпесе, келесі қырық тоғыз жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Осыны куәландыру үшін өз үкіметтері тиісті түрде оған уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2011 жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, Малайзия, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Малайзия

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

мен

Малайзия

Үкіметінің

арасындағы

Дипломатиялық

өкілдіктердің

ғимараттарын

салу

үшін

жер

учаскелерін

өзара

беру туралы келісімге 1-қосымша

Учаскенің мекен-жайы: Обаған көшесі



С. ПИЩАКОВЫЙ УЧАСТКИ
3-1-2-1

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

мен

Малайзия

Үкіметінің

арасындағы

Дипломатиялық

өкілдіктердің

ғимараттарын

салу


үшін

жер

учаскелерін

өзара

беру туралы келісімге 2-қосымша



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК